

Altyn Qala

СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ



Степногорск қаласында 2024 жылғы бюджеттің орындалуы қорытындыланды

3 маусым күні Степногорск қалалық мәслихатының сегізінші шақырылымдағы 22-сессиясы өтті. Сессия барысында 2024 жылғы қалалық және ауылдық округтер бюджетінің орындалуы жөніндегі жылдық есеп тыңдалып, бірқатар маңызды мәселелер қаралды.

Сессияға қала әкімі Гайдар Қабдоллаұлы, қалалық мәслихат төрағасы Олжас Аманжолұлы, Ақмола облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Мұрат Хабделмәлікұлы, қалалық мәслихат депутаттары, қаржы мамандары, БАҚ өкілдері және қала тұрғындары қатысты.

Қала әкімі өз баяндама-

2

Кәсіпкерлік – қала экономикасының қозғаушы күші

Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі қала экономикасын дамытуда маңызды рөл атқарады. Олардың басты міндеттері – экономиканың басым секторларын дамыту үшін қолайлы жағдай туғызу, кәсіпкерлік қызмет пен инвестициялық ахуалды жақсарту, сондай-ақ бәсекеге қабілетті жаңа өндірістердің дамуына жағдай жасау. Бұл туралы Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі мемлекеттік мекемесінің басшысы Әсет Мұқанов былай деді: «Кәсіпкерлік – бұл экономиканың қозғаушы күші. Біздің басты мақсатымыз – кәсіпкерлер үшін ең қолайлы жағдайларды жасау, олардың идеяларын жүзеге асыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға көмектесу».

Бөлімнің мақсаты – қала аумағында кәсіпкерлік қызмет пен инвестициялық ахуалды дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасап, бәсекеге қабілетті жаңа өндірістерді қамтамасыз ету, сондай-ақ индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің инвестициялық тартымдылығын және экспорттық әлеуетін арттыру. Аймақта аталған мақсат толыққанды орында-

лып, қарқынды нәтиже көрсетіп отыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында кәсіпкерлікті дамытудың маңыздылығын ерекше атап өтті. Ол шағын және орта бизнестің ел экономикасының тірегі екенін және оны қолдау мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болуы керектігін айтты. Бұл Жолдау Степногорск қаласының кәсіп-



керлік бөлімінің жұмысымен толықтай үндеседі, олардың қызметі осы бағыттағы нақты іс-шаралармен ұштасып жатыр.

Әсет Мұқанов бөлім қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінетінін айтады. Біліктілікті арттыруға бағытталған оқулар жаңа нормативтік актілерді меңгеруге,

басқару дағдыларын дамытуға, заңнамадағы өзгерістерге және мемлекеттік басқарудың цифрлық трансформациясына бейімделуге көмектеседі. Бұл өз кезегінде, кәсіпкерлерге көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

3

Алаяқтар арбауынан сақтан!

Степногорск қаласы полиция басқармасының жергілікті полиция қызметі интернет-алаяқтықтың алдын алу бағытында халық көп шоғырланатын орындарда ақпараттық парақшалар таратты. Игі бастама тұрғындардың желідегі қауіптер жөніндегі түсінігін тереңдетіп, онлайн алаяқтардың арбауына түсуден сақтандыруды мақсат етеді.

Интернет арқылы жасалатын алаяқтық қылмыстары еліміздің барлық өңірлерінде жылдан-жылға үдеп, алаңдатарлық деңгейге жетіп отыр. Ақмола облысы да мұндай теріс үрдістен тыс қалған жоқ. Ресми деректерге сүйенсек, 2025 жылдың алғашқы үш айында өңірде тіркелген интернет-алаяқтық фактілері жалпы республикалық

көрсеткіштің 10 пайызын құраған. Бұдан бөлек, облыста орын алған барлық құқықбұзушылықтың 40 пайызы – дәл осы желі арқылы жасалған қылмыстар. Бұл сандар өңір тұрғындарының осал тұстарын аңдыған алаяқтардың белсенді әрекетке көшкенін байқатады.

2



ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖОҒАРЫ МЕДБИКЕ

4-БЕТ | ЕҢБЕК АДАМЫ

Тағдырлар шешілетін, үміт пен сенім ұялайтын әлемде сауығу жолын нұрландырып, жаңа өмір сыйлайтын жандар бар. Солардың бірі – Баян Сәрсенова.



ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

8-БЕТ | ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Степногорск қалалық мәслихатының депутаты, 9-аумақтық сайлау округінен сайланған Нина Оразбаева Қарабұлақ ауылында бой көтеріп жатқан жаңа Мәдениет үйінің құрылыс алаңына арнайы барды.

Әрбір адам – ерекше тағдыр иесі. Қоғамда өз орнын тауып, жаңа өмірге бейімделу – өркениетті мемлекеттің басты ұстанымдарының бірі саналады. Қателік жасап, сонысын түсініп, жаңа парақтан өмір бастағысы келетін жанға қолдау көрсету – тек әлеуметтік көмек емес, нағыз адамгершілік пен құқықтық мәдениеттің көрінісі.

Заң мен жанашырлық үндестігі



Осы бағытта қала әкімінің орынбасары Жанасыл Сабырұлы төрағалық еткен комиссия отырысы ұйымдастырылды. Қылмыстық жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелердің қызметіне жәрдемдесу, сонымен қатар бостандыққа шыққан азаматтардың өмірге қайта бейімделуіне бағытталған нақты іс-шараларды үйлестіру – комиссияның басты мақсаты.

Кездесуге жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, пробация қызметі, прокуратура, жергілікті полиция және бейімдеу мен қайта әлеуметтендіру орталығының өкілдері қатысты.

2

Ұлттық санақ және аграрлық серпіліс

Степногорск қаласында ұлттық ауыл шаруашылығы санағына дайындық барысы және аграрлық секторға қолдау күшейтілді.



2025 жылы елімізде өтетін ұлттық ауыл шаруашылығы санағына дайындық Степногорск өңірінде жүйелі түрде жүргізілуде. Аталған ауқымды статистикалық іс-шараға байланысты ұйымдастырушылық және ақпараттық жұмыстар 2024 жылдың өзінде басталып кеткен.

2024 жылғы 28 ақпанда Степногорск қаласы әкімінің өкімімен ұлттық ауыл шаруашылығы санағын өткізуге жәрдемдесу жөніндегі қа-

лалық комиссия құрылып, нақты іс-шаралар жоспары бекітілді. Сонымен қатар қаланың ақпараттық кеңістігінде медиа-жоспар жасалып, БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Қаланың әр жеріне баннерлер орнатылып, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен түсіндіру жұмыстары күшейтілді.

3

“ ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Степногорск қаласында 10 спорттық нысан, оның ішінде спорт сарайы, стадион, теннис корты, 3 жүзу бассейні, 6 спорт залы, 9 хоккей алаңы, 31 спорт залы және 64 спорттық алаң бар.

Қалада спортпен айналысатындардың үлесі 42,2%-ды құрайды. Яғни жалпы саны 19 800-ге жуық адам жанына спортты серік еткен.

”

ӘДІЛ ЗАҢ – АСПАН ТІРЕГІ

АЛАЯҚТАР АРБАУЫНАН САҚТАН!

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

Басы 1-бетте

Күні бүгінге дейін түрлі әдіс-тәсілмен ұйымдастырылған алаяқтық оқиғалары көпшілікті алаңдатып отыр. Мәселен, сәуір айында бірнеше ауыл тұрғыны «жоғары табыс әкелетін инвестициялық жоба» деген желеумен алаяқтардың арбауына түсіп, 12 миллион теңгеден астам қаржысынан айырылған. Ал бір қала тұрғынына өзін мемлекеттік қызметкер ретінде таныстырған күдікті ірі көлемде несие рәсімдегіп, «қауіпсіздік мақсатында» қаражатты арнайы шотқа аударуды талап еткен. Алаяқтардың мұндай алдамшы әрекеттері, түрлі бейімделген сценарийлер арқылы жүзеге асырылатындықтан, кез келген азаматтың аңғал сәтін күтіп тұрады.

Желідегі қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қарапайым ережелерді түсіндіру – бүгінгі қоғамның маңызды міндеттерінің бірі. Та-

ратылған парақшаларда банк картасының нөмірі мен қауіпсіздік кодтарын, жеке мәліметтер мен SMS арқылы келетін құпия сандарды үшінші тұлғаларға айтуға болмайтыны нақты көрсетілген. Сонымен қатар белгісіз сілтемелерге өтуден сақтану, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы келген күмәнді ақпараттарды сын көзбен бағалау, қаржы ұйымдарының ресми сайттарын пайдалану жөнінде кеңестер берілген. Әрбір тармақ – тәжірибеде көпшіліктің алданып қалуынан туындаған нақты өмірлік мысалдарға сүйеніп жасалған.

Киберқылмыстың алдын алу ісінде басты рөл әрбір азаматтың жеке қырағылығы мен ақпараттық сауаттылығына тікелей байланысты. Телефон арқылы келіп түскен әрбір ұсынысқа байыппен қарап, өзге адамдардың айтқанына еріп, асығыс шешім қабыл-

даудан аулақ болу керек. Ешбір мемлекеттік орган немесе банк өз клиентінен телефон арқылы құпия ақпаратты талап етпейтінін ұмытпаған жөн. Күмән тудыратын жағдайда міндетті түрде банк бөлімшесіне немесе полиция органдарына жүгіну қажет.

Интернет кеңістігі күн сайын кеңейіп, оның мүмкіндіктері артқан сайын қауіп-қатер де соған ілесе өсіп келеді. Осындай жағдайда халыққа бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстары заман талабына сай қажеттілікке айналды. Жаңа технологияларды пайдалана отырып, саналы қоғам қалыптастыру үшін әрбір азаматтың қауіпсіздік мәдениетін көтеру аса маңызды. Степногорск қаласында қолға алынған мұндай бастамалар тұрғындардың ақпараттық сауаттылығын арттырып қана қоймай, сан алуан қауіптің алдын алуға мүмкіндік береді.

АКЦИЯ

ЧЕК ТАЛАП ЕТ – ЖҮЛДЕ ҰТЫП АЛ!

Құрметті ақмоалықтар! 2025 жылдың 3 сәуірінен бастап «Чек талап ет – жүлде ұтып ал!» республикалық акциясы басталды!

Енді сіздердің әрқайсыңыз күнделікті сатып алулар жасай отырып немесе ақылы қызметтерді ала отырып, тек фискалдық түбіртек алып қана қоймай, бағалы сыйлықтарды, соның ішінде ақшалай сыйлықтарды ұтып ала аласыз. Алынған түбіртекті «Amian» мобильді қосымшасында тіркесеңіз болғаны.

Сондай-ақ 2025 жылдың 1 мамырынан бастап «Бәйге» атты жаңа мотивациялық науқан күшіне енді. Осы

Банктің POS терминалдарында Банк карталарымен

де фискалдық түбіртек сұраңыз және оны «Amian» қолданбасында тіркеңіз. Негұрлым көп чектерді тіркесеңіз, ұтып алу мүмкіндігіңіз соғұрлым жоғары болады.

Сондай-ақ Жақсы, Аршалы, Астрахан, Есіл, Біржан сал және Целиноград аудандарының тұрғындары «Салық кэшбэк» пилоттық жобасына қатысып, Amian мобильді қосымшасында сатып алу сомасының 2% көлемінде кэшбэк ала алатынын еске саламыз. Алынған қаражатты банк картасына аударуға немесе ұялы телефон балансына аударуға болады.

Ақмола облысы бойынша МКД баспасөз қызметі

«ТҮБІРТЕК ТАЛАП ЕТ!»

Түбіртектерді қосым сыйлықтар ұтып алу мүмкіндігін алыңыз!

Salıq кэшбэк

Түбіртек талап етіп - кэш бэк алыңыз!

Бәйге 100 000 ₸

Жұлделер үшін күреске қатысыңыз!

Halyk

«Амнан» қосымшасының пайдаланушылары үшін Halyk Bank ай сайын 1 000 000 бонус ұтыс ойыны

Олардың әрқайсысына 100 000 теңгеден ақшалай сыйлық беріледі.

«Бәйге» акциясы үш кезеңде өтеді:

- Бірінші кезең – 1 мамырдан 30 маусымға дейін;
- Екінші кезең – үшінші тоқсанда;
- Ал үшінші кезең – 2025 жылдың төртінші тоқсанында.

науқан аясында еліміздің әр өңірінде тоқсан сайын жеңімпаздар анықталатын болады – тіркелген фискалдық түбіртектердің саны бойынша барлығы 20 жеңімпаз.Сонымен қатар 2025 жылдың 19 мамырынан бастап Ақмола облысында Halyk Bank ұтыс ойыны басталды. Оған

жасалған операциялардан чектер қатысады.

- Әрбір жүктеп салынған чек ұтып алудың бір мүмкіндігі.
- Ай сайын – 10 жеңімпазға дейін, әрқайсысы 100 000 бонус алады.

Қатысу оңай: тауарларды сатып алу немесе қызметтерге ақы төлеу кезін-

Ескерту!
Құрметті оқырман, газетіміздің №19, 06.06.2025 жылғы саны «маусым» айының орнына «мамыр» деп қате белгіленіп кеткен. Сол себепті өткен нөмірді «№19, 06 маусым 2025 жыл» деп оқуларыңызды сұраймыз. Редакциядан

ӨНІР ДАМУЫ

КӘСІПКЕРЛІК – ҚАЛА ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

(Басы 1-бетте)

Өнеркәсіп және инвестициялық әлеует

Степногорск қаласының өнеркәсіптік әлеуеті қарқынды даму жолында. Ағымдағы жылдың қаңтар-сәуір айларында кәсіпорындар 173,4 млрд теңгеге өнім өндіріп, өнеркәсіптік өндіріс индексі 101,3% құрады. Әсіресе өңдеу өнеркәсібінің өсімі 102,1%-ға жетті, бұл қала экономикасының құрылымдық өзгеруін және қосылған құны жоғары өнімдер шығаруға бағытталғандығының белгісі. Ақмола облысының өнеркәсіптік өндірісіндегі Степногорск қаласының үлесі 22,9%-ды құрады, бұл қаланың аймақтық экономикадағы маңыздылығын көрсетеді.

Қала экономикасына салынған инвестиция көлемі де айтарлықтай. Бүгінгі таңда 6 млрд теңге инвестиция тартылды. Ағымдағы жылы бірқатар ірі инвестициялық жобалар іске асырылуда:

«Organic Food» ЖШС картоп қоймасының құрылысы (құны 3,2 млрд теңге, іске қосу 2025 ж.).

«SARECO» ЖШС жоғары таза марганец сульфаты моногидратын өндіру (құны 7,7 млрд теңге, іске қосу 2025 ж.).

«Қазақалтын Technology» ЖШС № 2 қалдық қоймасының құрылысы (құны 9,1 млрд теңге, іске қосу 2025 ж.).

«СГХК» ЖШС гидрометаллургиялық зауытын қайта жаңарту (құны 4 млрд теңге, іске қосу 2027 ж.).

«Степногорск ЖЭО» ЖШС жаңғырту (құны 18,3 млрд теңге, іске қосу 2026 ж.).

«BRESK» ЖШС суару жобасы (құны 5,8 млрд теңге, іске қосу 2025 ж.).

«Алтыналмас АҚ» АҚ қаласында мектеп салу (құны 10 млрд теңге, іске қосу 2027 ж.).

«АК Алтыналмас» АҚ қаласында ДШСК салу (құны 12 млрд теңге, іске қосу 2026 ж.).

Бұл жобалардың іске асырылуы қалада жаңа жұмыс орындарын ашып, экономикалық өсімді ынталандырады.

Кәсіпкерлікті дамыту мен мемлекеттік қолдау

2025 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Степногорск қаласында 3768 шағын және орта бизнес субъектілері жұмыс істейтіндігі белгілі болды. Тіркелген субъектілер арасындағы жұмыс істеп тұрғандардың үлесі 93,3% құрады. Жыл басынан бері 202 жаңа жұмыс орны құрылды,

қосу 2025 ж.).

демдесу жөніндегі шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына» сәйкес, Степногорск қаласының әкімдігі жаңа бизнес идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар алуға үміткерлердің өтініштерін қарау жөніндегі комиссия құрды.

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде ағымдағы жылы халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға бағытталған 11 грант беру көзделген. Грант мөлшері 400 АЕК (1 572 800 теңге) құрайды. Гранттарды бөлу екі ағымда жүзеге асырылады. Бірінші ағымда 6 грант, ал екінші ағымда 5 грант бөлу қарастырылған. Бірінші ағымға өтінімдер 2025 жылғы 21

мамырдан 3 маусымға дейін қабылданды. Тіркелген 15 өтінімнің 14-і халыққа түрлі қызмет көрсетуге, біреуі мал шаруашылығын дамытуға бағытталған. Грант қаражаты қажетті түгендеуді, технологиялық жабдықты, жануарларды, тұқымдарды, көшеттерді сатып алуға, сондай-ақ жоба жүргізуге арналған үй-жайларды жалға алу ақысын төлеуге пайдаланылуы мүмкін.

Степногорск қаласының кәсіпкерлік бөлімі қаланың экономикалық дамуына, инвестициялық тартымдылығын арттыруға және халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған ауқымды жұмыстар атқарып келеді. Олардың қызметі Президенттің кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі бастамаларымен толықтай сәйкес келеді.

Әсет Дінисламұлы өңірдегі кәсіпкерлікті қолдау маңыздылығын айқындап, «Біз кәсіпкерлердің әрбір идеясын қолдауға дайынбыз. Себебі олардың табысы – біздің қаламыздың дамуына қосылған үлес» деп ерекшелеп атап өткен еді. Бұл пікір Степногорск қаласының кәсіпкерлік ортасының белсенді түрде өсіп келе жатқанын айғақтайды.

Гүлназ БИСЕН

САНАҚ

ҰЛТТЫҚ САНАҚ ЖӘНЕ АГРАРЛЫҚ СЕРПІЛІС

(Басы 1-бетте)

Елді мекендердің схемалары мен карталары жаңартылып, санақ жүргізушілерге арналған кеңселер интернет және байланыс құралдарымен жабдықталуда. Санақ жұмыстары аясында тұрғындардың шаруашылықтары араланып, ақпараттық деректер жаңартылады.

Ауыл шаруашылығын қаржыландыру – тарихи рекорд

Ұлттық санақпен қатар, аграрлық саланы қаржылай қолдау да рекордтық деңгейге жетіп отыр. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәліметінше, 2025 жылы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін жеңілдетілген несиелеуге 700 миллиард теңге бөлінді. Бұл – ел тарихындағы ең ірі қаржыландыру көлемі.

Қаржы егін егу және жинау науқанын қолдау

уға бағытталған. Сонымен қатар 250 миллиард теңге көлемінде ауыл шаруашылығы техникасын жеңілдетілген лизингпен алу үшін қаражат бөлінген. Фермерлер 5% жылдық мөлшерлемен заманауи техникаларды алу мүмкіндігіне ие.

Жүйенің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін қаражат алты түрлі арна арқылы үлестірілуде:

- «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ,
- екінші деңгейлі банктер,
- микроқаржы ұйымдары,
- өңірлік инвестициялық орталықтар,
- несиелік серіктестіктер
- және әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар арқылы.

Тарихта алғаш рет қаржыландыру 2024 жылдың желтоқсанында, яғни науқанға дейін алдын ала басталып, шаруалардың маусымға уақтылы дайындалуына мүмкіндік берді.

2025 жылдың маусым айының басына дейін 493,5

млрд теңгеге 7 407 өтінім түсіп, соның 6 988-і мақұлданып, 7,3 млн гектарға егіс жұмыстары жүргізілді. Жеткілікті кепіл мүлкі жоқ шаруалар үшін «Даму» қоры арқылы 85%-ға дейін мемлекеттік кепілдік беру жүйесі енгізілген. Бұл бастама шағын және жаңа бастаған фермерлер үшін үлкен мүмкіндікке айналды. Қазірдің өзінде 1 134 кепілдік беріліп, 195,9 млрд теңгенің несиесі рәсімделді.

Техника паркін жаңарту және отынмен қамтамасыз ету

Ауыл шаруашылығы техникаларын жаңарту да белсенді жүріп жатыр. 2024 жылы елімізде 22,1 мың бірлік техника сатып алынып, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 2,5 есе көп. 2025 жылы 250 млрд теңгеге жуық сомаға 6 мың техника сатып алу жоспарланған. Қазірдің өзінде 129,2 млрд теңгеге 3 555 өтінім түсіп, 4 580 техника бірлігіне

2 400 келісімшарт жасалды. GPS-навигация, автопилот, дәлдікпен тұқым себу және тыңайтқыш енгізу жүйелерімен жабдықталған заманауи кешендер бүгінде астық алқаптарының 70%-ын қамтып отыр.

Сонымен қатар фермерлерді дизель отынымен уақтылы қамтамасыз ету де басты назарда. 2025 жылы аграршылар үшін 401 мың тонна дизель отын бөлініп, оның бағасы нарықтық бағадан 15–20% төмен – 254 теңге/литр деңгейінде белгіленді.

Қорытындылай келе, ұлттық ауыл шаруашылығы санағына дайындық пен аграрлық секторды қолдау шаралары қатар жүріп, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі мен ауыл аймақтарының экономикалық дамуына тың серпін беруде. Степногорск өңірі бұл маңызды науқанға жан-жақты әзірлікпен кірісіп отыр.

Аяжан ЕРБОЛ

ИНВЕСТИЦИЯ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЖОБАЛАР НАЗАРДА

Степногорск қаласында ауыл шаруашылығы саласындағы инвестициялық жобалардың жүзеге асырылу барысы зерделенді.



Степногорск қаласында ауыл шаруашылығы саласындағы инвестициялық жобалардың жүзеге асырылу барысы арнайы комиссия тарапынан қаралды. Жұмыс барысына қала әкімінің орынбасары Фархат Байқасов төрағалық етті. Комиссия құрамында Ақмола облысы ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Ілияс Жүсіпов, сондай-ақ «Көкше» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы (ӘКК) инвестициялық жобалар департаментінің директоры Азамат Жамбеталин болды.

Комиссия мүшелері «ORGANICFOOD» ЖШС жүзеге асырып жатқан «Көкөніс қоймасын қайта жаңғырту және суармалы егістік алқабын ұлғайту» жобасының орындалу барысымен танысты. Аталған жоба Солтүстік Қазақстан об-

лысының тәжірибесіне сүйене отырып қаржыландырылған. Қазіргі таңда көкөніс сақтауға арналған ғимаратты қайта жаңарту, сондай-ақ жаңа техника мен заманауи жабдықтарды орнату жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Жоба аясында суармалы егіншілік көлемін арттыру, ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мен өңдеудің тиімділігін көтеру, сондай-ақ өңірдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету көзделіп отыр.

Комиссия мүшелері нысандағы құрылыс барысымен жан-жақты танысып, жобаның іске асу үдерісіне оң бағасын берді. Сонымен қатар, инвестициялық жобаның өңірдің агроөнеркәсіптік кешенін дамытуға қосар үлесі зор екені атап өтілді.

Аяжан ЕРБОЛ



ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖОҒАРЫ МЕДБИКЕ

ЕҢБЕК АДАМЫ

(Басы 1-бетте)

Солардың бірі – өмір бойы медицина саласында адал қызмет етіп келе жатқан, жанқияр еңбегімен танылған, 1965 жылы 30 шілдеде Өзбекстанның Тамды ауданында дүниеге келген Баян Төрбайқызы Сәрсенова. Оның 1984 жылы Навои медициналық училищесін бітірумен басталған кәсіби жолы – балаларға деген шынайы сүйіспеншіліктің және адам жанын терең түсінудің көрінісі болды.

Медбике мамандығы – жүректің қалауы

Баян Төрбайқызының балалар медбикесі мамандығын таңдауы кездейсоқ емес. «Мен балаларды жақсы көремін, бұл менің медицина саласын таңдауыма себеп болды», дейді ол. Бұл сөздерде шынайы кәсіпке деген құштарлық жатыр. Кішкентай пациенттермен жұмыс істеу тек кәсіби дағдыларды ғана емес, сонымен қатар жанашырлық таныта алатын үлкен жүректі қажет етеді. Баян Төрбайқызы өз жұмысындағы ең үлкен қиындық ауру балаларды көру екенін мойындайды.

Алайда бұл қиындық еш нәрсемен салыстыруға келмейтін қуанышпен өтеледі: «Балалар сауығып, үйіне шыққанда мені қуаныш кернейді», дейді медбике. Дәл осы сәттер, медицина қызметкерлерінің жұмсаған күш-жігері өз жемісін бергенде, оның еңбегін терең мағынамен толтыра түскендей болады.

Өзінің қиын, бірақ ізгі ісінде Баян Төрбайқызы әрдайым шынайы кәсіпқойлықтың үлгісі болғандарға сүйенді. Ол үшін педиатр дәрігер Н.Беляева сондай үлгі болып табылады, оның шеберлігі мен адамдық қасиеттері өз тәжірибесінде шамшырақ болды.

Жұмысқа адалдығынан басқа, Баян Төрбайқызы жеке әуестіктерінен де жан рахатын табады. Бос уақытында ол тамақ дайындауды, әсіресе бәліш пен түрлі тәттілерді пісіруді жақсы көреді, бұл оның қамқорлық қасиетінің тағы бір көрінісі болуы мүмкін. Пациенттермен өзара әрекеттесу туралы ойлана отырып, Баян Төрбайқызы олардың ауруларын түсінудің маңыздылығын атап өтеді. Бұл жай ғана сөздер емес, шынайы емдеу жанашырлықтан және өзін басқаның орнына қоя білу қабілетінен

басталады деген терең сенім.

Президент Жолдауы және еңбек адамдарының рөлі

Баян Төрбайқызының еңбекке деген адалдығы мен қоғамға деген қызметі Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың еңбек адамдарына арнаған жолдауымен тікелей байланысты. Президент өз сөздерінде еңбек адамының қоғамдағы рөлі мен маңызын үнемі атап өтеді. Мемлекет басшысы: «Еңбек – барлық жетістіктің қайнар көзі. Еңбек адамы – біздің қоғамымыздың тірегі, мемлекетіміздің басты байлығы», деп баса айтады. Баян Төрбайқызы сияқты адамдардың күнделікті қажырлы еңбегі – осы қағиданың жарқын көрінісі.

Ол медицинаның болашағы туралы ойларын білдіре отырып, сапалы медициналық көмектің жалпыға бірдей қолжетімділігінің қажеттілігін айтады. Бұл ұмтылыс Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауларында барлық азаматтар үшін медициналық қызметтердің сапасын арттыруға және қолжетімділігін

қамтамасыз етуге бірнеше рет назар аударғанымен толықтай үндеседі. Президент денсаулық сақтау – ұлттың әл-ауқатын айқындайтын негізгі салалардың бірі екенін және әрбір медицина қызметкері осы ортақ мақсатқа баға жетпес үлес қосатынын атап көрсетеді. Баян Төрбайқызы сияқты адамдардың еңбегі Президент айтқандай, күшті және мықты медицина құрудың негізі болып табылады. Олардың жанқиярлығы мен кәсібилігі үлгі болып, жас ұрпақты шабыттандырады.

Жас буынға арналған кеңес және тілек

Жастардың мол мүмкіндігін саралаған Баян Төрбайқызы даналық кеңесін береді: «Медицина саласы жастардың кәсіби қалауы болуы керек». Оның сөздері – жай ғана нұсқау емес, өз таңдауын терең пайымдауға шақыру, өйткені мұндай жауапты істе тек шынайы кәсіптік қалау ғана күш-қуат көзі бола алады. Бұл Президенттің жас мамандарға, оның ішінде медицина қызметкерлеріне көрсетілетін қолдау мен оларға артылатын үлкен

үмітке сәйкес келеді.

Сөз соңында Баян Төрбайқызы барлық әріптестеріне тілек арнады: «Біздің қиын еңбегімізде барлығына шыдамдылық тілеймін және медицинадағы мамандығын жақсы көрулерін тілеймін». Даналық пен өмірлік тәжірибеге толы бұл сөздер адамдарға қызмет ету жолын таңдаған, күн сайын ауырсыну мен қиындыққа тап болатын, бірақ үміт сыйлауға және өмір қуанышын қайтаруға күш табатындардың барлығына арналған әуен сияқты естіледі. Оның еңбегі – мамандыққа деген шынайы адалдықтың және болашақ ұрпаққа деген қамқорлықтың үлгісі.

Баян Төрбайқызы Сәрсенованың ғұмыр тарихы – бұл еңбек адамының қоғам дамуына қосатын баға жетпес үлесінің айқын дәлелі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауларында қашанда қарапайым еңбекшілердің маңызын атап өтеді. Баян Төрбайқызы сияқты азаматтардың жанқиярлық еңбегі арқасында біздің қоғамымыз нығайып, Қазақстанның болашағы жарқын болары сөзсіз.

Гүлназ БИСЕН

ҚАУІПСІЗ ЕЛ

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚҚА ТӨЗІМДІЛІК ЖОҚ!

Ақмола облысында нашақорлықпен және есірткінің заңсыз айналымымен күреске арналған айлық жүріп жатыр. Іс-шара Халықаралық күрес күніне орай ұйымдастырылып, «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасы аясындағы мақсаттармен үндесіп отыр. Степногорск қаласында да аталмыш айлық аясында ауқымды профилактикалық шаралар қолға алынды. Қалалық ішкі істер органдары, білім беру мекемелері мен медицина ұйымдары бірлесе отырып, есірткіге қарсы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейтуде.



Ақмола облыстық психикалық денсаулық орталығының мәліметінше, 2024 жылдың қорытындысы бойынша облыста 413 адам «наркомания» диагнозымен диспансерлік есепте тұр. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 2,4%-ға азайғанымен, синтетикалық есірткіге тәуелділердің саны артып отыр. Биылдың өзінде екі жасөспірімнің есірткіге тәуелділігі анықталғаны – ерекше алаңдатарлық жайт.

Бұдан бөлек, өткен жылы алғаш рет есепке алынған 56 адам тіркеліп, бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 33%-ға артқан. Есірткіге тәуелділердің бір бөлігі – жазасын өтеу орындарында отырғандар. 2023 жылдан бастап бұл азаматтарды медициналық бақылауға алу және емдеу Денсаулық сақтау министрлігіне жүктелген болатын.

Ақмола облысы ПД Есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл басқармасының бастығы, полиция полковнигі Даниір Сабыржановтың айтуынша, 2025 жылдың басынан бері облыста 136 наркоқұқықбұзушылық тіркелген. Оның ішінде есірткіні өткізу бойынша – 56, заңсыз жарнама бойынша – 3, ал аса ірі көлемде сақтау фактілері мен 72 қылмыстық теріс қылық анықталған. Жалпы, биыл облыс көлемінде 88 келден астам есірткі

алынды. Оның ішінде 6,8 кг – синтетикалық есірткі, 5,7 кг – гашиш, 7,6 кг – марихуана. ІІМ бастамасымен 2025 жыл – «Құқықбұзушылықтардың алдын алу жылы» деп жарияланып, осыған орай маусым айында Степногорскте ондаған профилактикалық іс-шара өткізу жоспарланған. Олардың қатарында дәрістер, кездесулер, дөңгелек үстелдер, жасөспірімдермен ашық әңгімелер және спорттық шаралар бар. Мақсат – жастарды есірткіден сақтандыру, қоғамдық теріс көзқарас қалыптастыру және қауіпсіз, салауатты орта құру. Бұл бағытта қаладағы еріктілер қозғалысы мен жастар ұйымдары да белсенділік танытып келеді.

Степногорск қаласы еліміздегі «Қауіпсіз ел» жобасының басым бағыттарын жүзеге асыруға өз үлесін қосып келеді. Есірткіге қарсы күрес тек құқық қорғау немесе медицина саласының емес, тұтас қоғамның ортақ міндеті екенін уақыт көрсетіп отыр. Әр азамат, әр ата-ана, әр ұстаз бен тәрбиеші жастардың болашағына бейжай қарамай, бірлесіп әрекет еткенде ғана біз қауіпсіз де салауатты қоғамды қалыптастыра аламыз.

Сейтбатал ҚАСЫМОВ

КӨЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫ

Патрульдік полиция взводының қызметкерлері «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының өкілдерімен бірлесе отырып, теміржол өткелдері аумағында жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған рейдтік іс-шаралар өткізді. Акция жол-көлік оқиғаларының алдын алу және теміржол инфрақұрылымындағы жазатайым жағдайлардың қаупін азайту мақсатында «Қауіпсіз жол» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында ұйымдастырылды.

ТЕМІРЖОЛ ӨТКЕЛДЕРІНДЕ ТӘРТІП КҮШЕЙДІ

Рейд барысында жүргізушілердің теміржол өткелдерінен өту кезіндегі жол жүру ережелерін сақтауына ерекше назар аударылды. Айта кету керек, бағдаршамның тыйым салынған сигналына немесе жабық шлагбаумға қарамастан, өткелден өту – жүргізушілер мен жолаушылар үшін ғана емес, сонымен қатар теміржол көлігі үшін де үлкен қауіп тудырады.

Патрульдік полиция инспекторлары жүргізушілермен профилактикалық және түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, жол ережелерінің сақталуын бақылап, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 610 және 611-баптарына сәйкес әкімшілік жауапкершілік туралы ескертті.

Ресми деректерге сәйкес, 2024 жылы Қазақстанда теміржол өткелдерінде 28 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Аталған оқиғалардың барлығы жүргізушілердің теміржол өткелдерінен өту кезіндегі жол жүру ережелерін бұзуынан болған. Бұл апаттар салдарынан 9 адам зардап шеккен.

2025 жылдың алғашқы екі айында теміржол өткелдерінде 4 жол-көлік оқиғасы тіркелді. Барлық жағдайларда апат жүргізушілердің кінәсінен болған. Ең ауыр оқиғалардың бірі 2025 жылғы 1 наурызда стансалардың біріндегі теміржол өткелінде орын алды. Жүк көлігінің жүргізушісі дабыл сигналдарын елемей, пойызбен соқтығысты. Апат салдарынан жолақат алып, локомотив пен 11 бос вагон рельстен шығып кетті.

2024 жылы «Қазақстан темір жолы» АҚ қызметкерлері теміржол өткелдеріндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында республика көлемінде 2 000-нан астам профилактикалық рейд пен 800-ге жуық автокөсіпорындарда түсіндіру жиналыстарын өткізді. Бұл шаралар нәтижесінде 102 мыңнан астам жүргізуші теміржол өткелінен өту ережелерімен таныстырылды.

Сонымен қатар 448 түсіндіру жиналысы ұй-



ымдастырылып, 14 000-нан астам жүргізуші қамтылды. Мұндай кең көлемді түсіндіру жұмыстары жүргізушілердің жолдағы тәртібін арттыруға, теміржол өткелінен өту кезінде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Теміржол бойындағы жол-көлік оқиғаларының алдын алу тек «Қазақстан темір жолы» АҚ-ның ғана емес, жергілікті полиция органдарының да маңызды міндеті. Осы орайда, Степногорск қаласы полиция бөлімінің патрульдік полиция қызметкерлері өз үлесін қосып келеді. Олар қала аумағындағы теміржол өткелдерінде тұрақты негізде рейдтік шаралар ұйымдастырып, жүргізушілермен бетпе-бет профилактикалық және құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Сонымен қатар «Қазақстан темір жолы» АҚ теміржол өткелдерінен өту ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікті күшейту туралы ұсыныспен мемлекеттік органдарға жүгінуді жоспарлап отыр. Аталмыш бастама — адам өмірін сақтау мен жол-көлік оқиғаларының санын азайтуға бағытталған нақты қадам.

Жанар АХМЕТОВА

НАРКОКОНТРОЛЬ

ЗАКОН СУРОВ, НО СПРАВЕДЛИВ

С 1 июня по 31 октября на территории Степногорска и всего региона проходит ежегодная республиканская оперативно-профилактическая операция «Қарасора – 2025». Меры уже стали традиционными, но их актуальность с каждым годом только возрастает – ведь речь идёт о здоровье нации и будущем подрастающего поколения.

Главная задача операции – выявить и уничтожить очаги произрастания наркосодержащих растений, в первую очередь дикорастущей конопли. Именно она, казалось бы, «невинно» растущая на пустырях и дачных участках, становится сырьём для производства таких опасных наркотиков, как марихуана и гашиш. Сотрудники полиции подчёркивают: конопля не должна восприниматься как часть ландшафта – прямая угроза безопасности, особенно молодёжи.

Ежегодно рейды охватывают труднодоступные территории, приусадебные и дачные участки, где чаще всего и можно встретить эти растения. Особый упор делается на предупреждение – и с граждан, и с аграриев, и с дачников не снимается ответственность за бездействие. Если растение выросло – его нужно уничтожить.

– Даже если растение появилось спонтанно – вы обязаны его уничтожить. В противном случае предусмотрена административная ответственность, – пояснили в Управлении полиции Степногорска.

Согласно статье 420 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях,

непринятие мер по уничтожению наркосодержащих растений влечёт за собой штраф. Если же будет установлено, что выращивание производилось умышленно, нарушителю грозит уже уголовная ответственность – вплоть до лишения свободы. То есть даже случайное или небрежное отношение к подобным растениям может обернуться серьёзными последствиями.

Такая строгость оправдана: как показывает практика, именно с дикорастущих участков и начинается путь наркотиков в школы, дворы и даже семьи. Остановить эту цепочку можно только совместными усилиями.

ЦИФРЫ, ЗА КОТОРЫМИ СТОЯТ СУДЬБЫ

Во время брифинга, прошедшего на площадке Региональной службы коммуникаций, специалисты обозначили тревожные тенденции. По словам главного врача Акмолинского областного центра психического здоровья, по состоянию на конец 2024 года в регионе официально зарегистрированы 413 человек, состоящих на учёте с диагнозом «наркомания». Несмотря на то, что по сравнению с прошлым

годом это число уменьшилось на 2,4%, ситуация по-прежнему остаётся напряжённой.

Особую озабоченность вызывает подростковая наркозависимость. В прошлом году зарегистрированы два случая употребления наркотиков несовершеннолетними – тревожный сигнал, требующий немедленного реагирования.

– Проблема носит не только медицинский, но и социальный характер. Наркомания разрушает семьи, приводит к преступности, вызывает отчуждение и обостряет социальную неравномерность, – подчеркнули в Центре психического здоровья.

В 2024 году зафиксировано 56 случаев впервые выявленных наркозависимых, что на 33% больше, чем в предыдущем году. Многие из них – заключённые. Это связано с тем, что с 2023 года обеспечение медпомощью осуждённых перешло в ведение Министерства здравоохранения. Эти данные показывают, что проблема всё ещё далека от разрешения и требует комплексного подхода.

Кроме того, всё чаще фиксируются случаи употребления синтетических наркотиков – веществ, которые сложно выявить, но которые



наносят организму колоссальный вред. Если ранее таких зависимых практически не было, то теперь – острая проблема в регионе.

По данным начальника управления по противодействию наркопреступности ДП Акмолинской области, полковника полиции Данияра Сабыржанова, с начала 2025 года в регионе зафиксировано 136 наркопреступлений. Из них 56 связаны со сбытом наркотиков, 3 – с незаконной рекламой, остальные касаются хранения и производства. За пять месяцев текущего года из незаконного оборота изъято более 88 килограммов наркотических веществ. В этом списке – 6,8 кг синтетики, 5,7 кг гашиша и 7,6 кг марихуаны. Это больше, чем за аналогичный период прошлого года, когда было изъято около 77 кг. Операция «Қарасора – 2025» – не

просто полицейская кампания, а призыв к обществу. В одиночку справиться с наркоугрозой невозможно. Каждый гражданин может внести свой вклад: проявив бдительность, сообщив о подозрительных участках, не оставив без внимания даже случайно замеченные растения.

– Борьба с наркоугрозой требует участия каждого. Только объединёнными усилиями можно защитить наших детей и сохранить здоровое будущее, – заявили в Управлении полиции Степногорска.

Если вы заметили участки произрастания наркосодержащих растений – не молчите. Позвоните в полицию. Конфиденциальность гарантируется. Один звонок может спасти чью-то жизнь.

Жанар АХМЕТОВА

ПРОИСШЕСТВИЯ

ЗВОНОК СПАС ЖИЗНЬ

В Управление по чрезвычайным ситуациям города Степногорска поступил тревожный сигнал от местной жительницы. Женщина обеспокоенно сообщила, что её супруг уже длительное время не выходит на связь, а дверь его гаража остаётся закрытой. По её словам, он мог находиться внутри, и она опасалась за его здоровье и жизнь.

На место происшествия незамедлительно были направлены силы экстренного реагирования. По прибытии спасатели скоординированно вскрыли дверь гаража и немедленно приступили к спасательным действиям. Внутри находился мужчина, лежащий рядом с заведённым автомобилем. Помещение было полностью заполнено выхлопными газами, что свидетельствовало о высокой концентрации угарного газа, опасного для жизни и здоровья.

– Мы обнаружили мужчину в бессознательном состоянии, но, к счастью, он ещё подавал признаки жизни. Немедленно проветрили помещение, вынесли его на свежий воздух и передали медикам, – рассказал старший инженер Управления ЧС города Степногорска Сакен Салпыков.

